

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық органдарының ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 42 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 370-ж бұйрығы.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық органдарының ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 42 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9795 тіркелген, 20 қазан 2014 "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Аталған бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

8 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 10-үй, 15-кіреберіс, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты.";

14-тармақта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) атом энергиясы саласында өз өкілеттіктерін орындауға байланысты тексерулерді жүргізеді;"

32), 33), 34), 35), 36), 44) және 47) тармақшалары алып тасталсын;

28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"28) электр станциялары, электр желілері энергетикалық жабдығының, тұтынушылардың электр қондырғыларының пайдаланылуы мен техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;"

37) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"37) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша объектілердің қосылуын бақылауды жүзеге асырады;"

49) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"49) электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және бөлуді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексерулерді жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 51-1) тармақшамен толықтырылсын:

"51-1) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде электр энергетикасы саласындағы әкімшілік істер бойынша материалдарды қарауды жүзеге асырады;"

19-тармақта:

15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) аумақтық бөлімшелердің актілері мен шешімдерінің қолданылуында толығымен немесе бір бөлігінде тоқтатады немесе тоқтата тұрады;"

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің тиісті облыс, Астана, Алматы қалалары бойынша аумақтық органы - аумақтық департаменті туралы ережесінде:

15-тармақта:

5), 6), 7), 8), 9), 19), 20) және 23) тармақшалары алып тасталсын;

1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) электр станциялары, электр желілері энергетикалық жабдығының, тұтынушылардың электр қондырғыларының пайдаланылуын және олардың техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;"

4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мыналарды:

электр энергиясының сапасы жөніндегі техникалық шарттар талаптарының сақталуын;

өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің сақталуын;

электр және жылу энергиясын өндіру, беру, тұтыну режимдерін ұтымды және үнемді пайдаланылуын, оңтайландыруды;

электр станцияларының, электр желілерінің күзгі-қысқы кезең жұмысына дайындығын мемлекеттік энергетикалық бақылауды жүзеге асырады;"

10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес электр желілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша объектілерді қосуды бақылауды жүзеге асырады;"

11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің бірнеше бөліктерге бөлінуіне, электр энергиясын тұтынушылардың жаппай шектелуіне, ірі энергетикалық жабдықтың бүлінуіне әкеп соққан электр станцияларының, электр желілерінің жұмысындағы ірі технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексерулердің есебін жүргізеді;"

16-тармақта:

1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан, сондай-ақ жеке тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;"

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап бір апталық мерзімде оның көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрыққа қол қойған күннен бастап бір ай мерзімде бұйрық көшірмесін қоса бере отырып, Астана қаласы Әділет департаментіне хабарлауды;

3) осы бұйрық күшіне енгізілген күнінен бастап он күн ішінде оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі*

Қ. Бозымбаев